

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Статистика және талдау жөніндегі комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 желтоқсан N 1776. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.09.16. N 907 қаулысымен. ~P980907

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655_ Жарлығына және "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің, "Қазпатент" және "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1552 P971552_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитеті туралы ереже;

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Статистика және талдау жөніндегі комитетінің құрылымы;

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Статистика және талдау жөніндегі комитетінің карамағындағы аумақтық органдар мен ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетіне Төрағаның екі орынбасары, оның ішінде Төрағаның бір бірінші орынбасары болуына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Статистика және талдау жөніндегі комитетінің аумақтық органдары қызметкерлерінің саны 383 адам болып бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Статистика және талдау жөніндегі комитетінің аумақтық органдары үшін қызметтік жеңіл автомобильдер лимиті 15 бірлік санында белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар

жөніндегі агенттігі Статистика және талдау жөніндегі комитетінің аумақтық органдарын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте жергілікті органдарды ұстауға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар

жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитеті бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс енгізетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 18 желтоқсандағы
N 1776 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау
және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика
және талдау жөніндегі комитеті туралы

ЕРЕЖЕ

Миссиясы: объективті статистикалық ақпарат жинауды және таратуды қамтамасыз ету, орталық атқарушы органдардың статистика қызметі саласындағы жұмыстарын үйлестіру.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) мемлекеттік статистика саласындағы заңдарға сәйкес арнаулы функцияларды дербес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының

ведомствосы болып табылады.

Комитет елде мемлекеттік статистиканы ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, статистикалық деректердің объективтілігі мен халықаралық деңгейде әдістемелік салыстырылуын қамтамасыз ететін салааралық үйлестіруді жүзеге асырады, статистиканы жетілдірудің мемлекеттік саясаты мен бағдарламасын іске асырады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі туралы ережеге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитеттің аппараты мен оның аумақтық органдарын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте көзделген қаржының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шарттық негізде статистикалық қызметтер көрсетуден түскен кірістердің есебінен жүзеге асырылады.

4. Комитеттің құрылымы мен оның аумақтық органдарының штат санын

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Комитеттің орталық аппаратының штат санын Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі белгілейді.

6. Комитет заңды тұлға болып табылады, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

II. БАСЫМДЫҚТАРЫ

7. Комитеттің басымдықтары:
мемлекеттік статистика саласындағы жұмыстарды жүзеге асыру және үйлестіру;
халықаралық талаптарды ескере отырып статистикалық қызметті жүйелі реформалау;
жаңа ақпараттық технологияларды енгізу;
статистикалық көрсеткіштердің объективтілігі мен транспаренттілігін қамтамасыз ету болып табылады.

III. КОМИТЕТТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

8. Комитеттің негізгі міндеттері:

статистика саласында мемлекеттік саясатты жүргізу және басшылық жасау;

ғылыми әдістер мен халықаралық стандарттардың негізінде бірыңғай статистикалық ақпарат жүйесін жасау жұмысын жүргізу және жетілдіру;
статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, анықтығын және жеткіліктілігін қамтамасыз ету;

елде жүріп жатқан экономикалық және әлеуметтік процестер мен олардың даму үрдісін жан-жақты және объективті түрде зерделеу, қорыту және оларға талдау жасау болып табылады.

IV. КОМИТЕТТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

9. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қызметін статистикалық деректермен ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі бағдарламаны әзірлейді және жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін статистикалық жұмыстардың жоспарына сәйкес мемлекеттік статистикалық байқау жүргізеді және мемлекеттік органдарды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіп бойынша статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етеді;

республика мен оның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы деректердің ақпараттық-статистикалық базаларын жинақтауды, жүргізуді және өзектілендіруді қамтамасыз етеді;

Мемлекеттік статистикалық тізілімді, сондай-ақ Комитеттің құзыретіне кіретін техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттың жалпы жіктеушілері мен кодтау жүйесін жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

әлеуметтік-экономикалық және демографиялық процестерді көрсететін мемлекеттік және салалық статистикалық есептіліктер көрсеткіштерінің ең төменгі құрамын айқындайды, халық санағын жүргізеді, халықтың өмір сүру деңгейін арнайы зерттеу мен сұрастыруды ұйымдастырады;

статистикалық есеп берулердің нысандарын әзірлейді және бекітеді, оларды ұсынудың мерзімдері мен тәртібін белгілейді;

қолданылып жүрген шарттар бойынша міндеттемелерге сәйкес халықаралық ұйымдарға статистикалық ақпарат береді, сондай-ақ шет елдермен статистикалық ақпараттар алмасуды жүргізеді;

белгіленген тәртіппен статистикалық жинақтарды, бюллетеньдерді, экономикалық шолуларды және басқа да статистикалық материалдарды басып шығарады және таратады;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік статистика органдары қызметкерлерінің дербес жауапкершілігі негізінде мемлекеттік және коммерциялық құпияларды, бастапқы статистикалық ақпараттың құпиялылығын сақтауды қамтамасыз етеді;

статистикалық ақпарат жүйесін дамытудың және оның жұмыс істеуінің, оның республиканың және халықаралық ұйымдардың басқа да ақпарат жүйелерімен өзара іс-қимылының аса маңызды проблемалары бойынша ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастырады;

есеп пен статистика қызметкерлерін даярлауды, қайта даярлауды және олардың кәсіптік біліктіліктерін арттыруды ұйымдастырады;

өзіне Қазақстан Республикасының заңдарымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

V. КОМИТЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

10. Комитеттің өзіне жүктелген тапсырмаларды жүзеге асыруы және міндеттерді орындауы кезінде:

Комитет белгілеген мерзімдерде мемлекеттік органдар мен ұйымдардан ақпарат сұратуға және алуға;

заңдарда белгіленген жағдайларда азаматтарда олардың экономикалық және әлеуметтік-демографиялық жағдайы туралы, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметі туралы ақпарат сұратуға және алуға;

мемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу үшін мемлекеттік басқарудың басқа да органдарының мамандарын, сондай-ақ шетелдік және жергілікті сарапшылар мен мамандарды жұмысқа тартуға;

өз құзыретінің шегінде шет елдердің тиісті ведомстволарымен, халықаралық ұйымдарымен және шетелдік заңды тұлғалармен мемлекеттік статистиканың міндеттеріне байланысты халықаралық шарттар жасасуға, келіссөздер жүргізуге және келісімдерге қол қоюға;

өз құзыретінің шегінде мемлекеттік статистика мәселелері жөнінде атқару үшін міндетті нұсқаулар беруге және нормативтік құқықтық актілер шығаруға;

қажет болған кезде бастапқы және жиынтық статистикалық деректердің дұрыстығын тексеруге, олардың бұрмаланғаны анықталған жағдайда заңды

тұлғаларға оларды жою туралы нұсқау беруге;

шарттық негізде салалық тақырып бойынша статистикалық және өзге де жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ белгіленген тәртіппен заңды және жеке тұлғаларға статистикалық ақпаратты сатуды жүзеге асыруға;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ ұйымдардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы заңдарын орындауына бақылауды жүзеге асыруға;

заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік статистика мәселелері жөніндегі әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға;

заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты меншік иесі мен мемлекеттік басқару органының функциясын орындаушы уәкілетті орган болуға, олардың жарғыларын бекітуге;

өзінің өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға беруге құқығы бар.

VI. КОМИТЕТ ПЕН ОНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

11. Комитет заңды тұлға ретінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарының нормаларына сәйкес өзіне жүктелген міндеттердің уақытылығы және сапалы орындалуы үшін жауапкершілікте болады.

Комитеттің Төрағасы Комитеттің өзіне жүктелген міндеттерді орындауы және өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапкершілікте болады.

Комитеттің құрамына кіретін аумақтық органдар мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың өздеріне жүктелген міндеттерді орындауы және олардың өз функцияларын жүзеге асыруы үшін олардың басшылары дербес жауапкершілікте болады.

VII. КОМИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

12. Комитетті Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Төраға басқарады. Комитет Төрағасының оның ұсынуымен Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің төрағасы қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын орынбасарлары, оның ішінде бір бірінші орынбасары болады.

Комитеттің Төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, оның жүйесіне кіретін аумақтық органдар мен ведомстволық бағыныстағы

ұйымдардың қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

13. Комитеттің Төрағасы:

өзінің орынбасарларының, Комитеттің бөлімшелері басшыларының және Комитеттің басқа да жауапты қызметкерлерінің өкілеттіктері мен міндеттерін белгілейді;

Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес барлық органдар мен ұйымдарда Комитетті білдіреді;

Комитеттің бөлімшелері мен аумақтық органдарының құрылымын және олар туралы ережелерді бекітеді;

өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер жөнінде шешімдер қабылдайды.

14. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдар үшін міндетті шешімдер қабылдайды.

Комитет қабылдаған шешімдер Комитет Төрағасының бұйрықтарымен ресімделеді.

15. Комитет Төрағасының бірінші орынбасары Төраға болмаған уақытта оның орнында қалады.

16. Комитеттің жүйесіне оның орталық аппараты, аумақтық органдары кіреді. "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Статистика және талдау жөніндегі комитетінің Ақпараттық - есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен Стратегиялық зерттеу және кадрлардың біліктілігін арттыру институты оған ведомстволық бағыныстағы ұйымдар болып табылады.

Комитеттің аумақтық органдары заңды тұлғалар болып табылады.

Комитеттің қызметін қамтамасыз ететін аумақтық органдар мен ұйымдардың тізбесін Үкімет белгілейді.

17. Комитеттің аумақтық органын тиісті облыстың немесе Алматы қаласы әкімінің келісімі бойынша Комитеттің Төрағасы қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын басшы басқарады.

18. Комитеттің аумақтық органының басшысы аумақтық органның жұмысына басшылықты ұйымдастырады және жүзеге асырады.

N 1776 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау
және реформалар жөніндегі агенттігі Статистика
және талдау жөніндегі комитетінің

ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Статистикалық әдістер, жіктеулер және стандарттар басқармасы

Болжамдар, талдау және жарияланымдар басқармасы

Ұлттық есептер басқармасы

Сыртқы экономикалық қызмет статистикасы басқармасы

Бағалар және үй шаруашылығы статистикасы басқармасы

Әлеуметтік статистика, халық және еңбек басқармасы

Қызмет көрсету, ішкі сауда, көлік және байланыс басқармасы

Ауыл, орман және балық шаруашылығының статистикасы басқармасы

Өнеркәсіп статистикасы басқармасы

Құрылыс және инвестициялар статистикасы басқармасы

Халықаралық статистикалық ынтымақтастық бөлімі

Кадр және арнаулы жұмыс бөлімі

Статистикалық жұмыстарды қаржыландыру бөлімі

Бухгалтерлік есеп жүргізу және есеп беру бөлімі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 18 желтоқсандағы
N 1776 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау
және реформалар жөніндегі агенттігі Статистика және
талдау жөніндегі комитетінің қарамағындағы
аумақтық органдар мен ұйымдардың

ТІЗБЕСІ

Облыстық статистика басқармалары мен Алматы қалалық статистика
басқармасы

"Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар
жөніндегі агенттігі Статистика және талдау жөніндегі комитетінің
Ақпараттық-есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Статистикалық зерттеулер және кадрлардың біліктілігін арттыру институты